



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

04.01.2023 № 2-010345-23-00224

08.12.2022г. № ДЗ-368

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(«Ақ жол» партиясының  
фракциясынан), тізім бойынша)

ӘҚБтК-нің 266-бабын қолдануға қатысты

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 266-бабы (Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген төлемдерді жүргізу жөніндегі шектеулерді бұзу) бойынша кәсіпкерлерді жауаптылыққа тартудың заңдылығы туралы сұрау салуды қарады.

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңның 25-бабы 9-тармағына сәйкес сомасы 1000 АЕК-тен асатын мәміле бойынша дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар ҚҚС төлеуші ретінде есепте тұрған басқа дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның пайдасына төлемдер тек қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай талап қолма-қол ақшасыз айналымның өсуін ынталандыру, бизнесті көлеңкеден шығару және ақша аударымдарын бақылау қажеттілігімен байланысты.

Белгіленген норманы бұзғаны үшін айыппұл түрінде – төлем сомасының 5% әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеттің деректері бойынша 2020-2021 жылдары және ағымдағы жылдың өткен кезеңінде ӘҚБтК-нің 266-бабы бойынша 781 іс жүргізу қозғалған (2020ж. – 187, 2021ж. – 224, 2022ж. – 370), олар бойынша 2,2 млрд теңгеге 758 адамға айыппұл салынған (2020ж. – 417 млн теңгеге 182, 2021ж. – 287,4 млн-ға 214, 2022ж. – 1,56 млрд-қа 362, оның ішінде 495,9 млн теңге өндірілді), 19 іс тоқтатылды.

Бас прокуратураның наразылықтары бойынша Жоғарғы Сот осы санаттағы 3 істі қайта қарады, «Metrolux Servis» ЖШС, «BSD Construction» ЖШС және «Арна-Бизнес» ЖШС әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мемлекеттік кірістер органдарының қаулылары ӘҚБтК 266-бабы бойынша заңды деп танылды.

Соттар бір субъектілер арасында жасалған және бір затқа ие шарттар бірыңғай азаматтық-құқықтық мәміленің мазмұны болып табылатындығына негізделеді. Кәсіпкерлер 1000 АЕК-тен аспайтын сомаға әрбір біртекті мәміле бойынша ақшалай төлемдерді қолма-қол төлеу үшін бөледі.

Осыған байланысты, осы санаттағы істер бойынша дұрыс құқық қолдану практикасы қалыптасқан деп санаймыз.

Сонымен қатар кейбір жағдайларда Шымкент қаласының мемлекеттік кірістер органдары ескіру мерзімін ескермей, бизнес субъектілерін негізсіз жауаптылыққа тартқан.

ӘҚБтК 62-бабы 3-тармағына сәйкес қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде, адам осындай құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей жауапқа тартылуға тиіс, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткен соң жауапқа тартыла алмайды.

Осы талаптарға қарамастан, Шымкент қаласының аудандық МКБ ӘҚБтК-нің 266-бабы бойынша осы мерзімі өткен 55 кәсіпкерлік субъектіні, негізсіз әкімшілік жауаптылыққа тартқан.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласының прокуратурасы Мемлекеттік кірістер органдарының заңсыз қаулыларын жою жөнінде шаралар қабылдауда.

Бас прокуратура осы сұрау салуды назарға ала отырып, заңдылықты нығайту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейту бойынша одан әрі бірлескен жұмысқа дайын екендігін білдіреді.

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

04.01.2023 № 2-010345-23-00224

08.12.2022г. № ДЗ-368

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(от фракции партии  
«Ақ жол», по списку)

касательно применения ст.266 КоАП

### Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен запрос о законности привлечения предпринимателей к ответственности по ст.266 (нарушение ограничений, установленных законами Республики Казахстан, по проведению платежей) Кодекса об административных правонарушениях (далее – КоАП).

Согласно п.9 ст.25 Закона «О платежах и платежных системах» платежи по сделке, сумма которой превышает 1000 МРП, индивидуальными предпринимателями или юридическими лицами в пользу другого индивидуального предпринимателя, состоящего на учете в качестве плательщика НДС, или юридического лица, осуществляются только в безналичном порядке.

Такое требование обусловлено необходимостью стимулирования роста безналичного оборота, вывода бизнеса из тени и контроля денежных переводов.

За нарушение отмеченной нормы предусмотрена административная ответственность в виде штрафа – 5% от суммы платежа.

По данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам за 2020-2021 года и истекший период т.г. по ст.266 КоАП возбуждено 781 производство (2020г. – 187, 2021г. – 224, 2022г. – 370), по ним к штрафу привлечены 758 лиц на 2,2 млрд тенге (2020г. – 182 на 417 млн, 2021г. – 214 на 287,4 млн, 2022г. – 362 на 1,56 млрд, из них взыскано 495,9 млн тенге), 19 дел прекращено.

Верховным Судом по протестам Генеральной прокуратуры пересмотрены 3 дела данной категории, постановления органов госдоходов о привлечении к адмответственности ТОО «Metrolux Servis», ТОО «BSD Construction» и ТОО «Арна-Бизнес» по ст.266 КоАП признаны законными.

Суды исходят из того, что договоры, заключенные между одними и теми же субъектами и имеющие один и тот же предмет, являются содержанием единой гражданской-правовой сделки. Дробление денежных платежей по каждой однородной сделке на сумму, не превышающую 1000 МРП, предпринимателями производится для оплаты в наличном порядке.

В этой связи полагаем, что по делам данной категории сформирована правильная правоприменительная практика.

В то же время в ряде случаев органы госдоходов г.Шымкента, не учитывая сроки давности, необоснованно привлекали субъектов бизнеса к ответственности.

В соответствии с п.3 ст.62 КоАП при совершении административного правонарушения в области финансов лицо подлежит привлечению к ответственности не позднее трех лет со дня совершения такого правонарушения, но не может быть привлечено к ответственности по истечении двух месяцев со дня обнаружения административного правонарушения.

Несмотря на эти требования, районными УГД г.Шымкента 55 субъектов предпринимательства необоснованно привлечены к административной ответственности по ст.266 КоАП с пропуском данного срока.

В настоящее время прокуратурой г.Шымкент принимаются меры по отмене незаконных постановлений органов госдоходов.

Генеральная прокуратура, приняв настоящий запрос к сведению, выражает готовность к дальнейшей совместной работе по укреплению законности и усилению защиты прав предпринимателей.

**Б. Асыллов**